

"Айшуақ" тобында өткізген ата-аналар жиналысының хаттамасы.

01.09.2022жыл

Хаттама №1

Қатысқан ата-аналар саны: - 19

Қатыспаған ата-аналар саны: 1

Қаралатын мәселелер:

1. «Бал мекенім балабақшам» ата - аналарға балабақшаның жылдық мақсатымен, күн тәртібімен таныстыру. Ата – аналар комитетін сайлау. \Тәрбиеші Бекишева М.А\
2. «Балабақшамен ата ананың бірлігі» баяндама.
3. \Тәрбиеш. \Бекишева М.А
4. Ата - аналармен тренинг. \психолог \

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Бекишева Маржансөз бастады.

Сәлеметсіздерме құрметті ата-аналар біздің «Бөбек лүпілі» балабақшамызға қош келдіңіздер!

Қолымыздағы ойыншықты бір - бірімізге бере отырып, өзіміз жайлы айтып кетейік.

2022-2023 оқу жылының міндеттемелері

1. "Денсаулық" саласы:

Міндеті: Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында денешынықтыру жаттығуларын саналы түрде түсініп, меңгеруін және қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.

2. "Қатынас" саласы:

Міндеті: 1. Балалардың тілін дамыту жұмысын, дидактикалық ойындар мен театрланған көріністерді пайдалану арқылы дамыту.

2. Балаларды өз құрбыларымен және үлкендер мен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету жұмысын жалғастыру.

3. Балалардың қызығушылық қабілетін ойындар арқылы дамыту.

Таңертеңгі 08-00-ден бастап кешкі 18-00-ге дейін бала тәрбиешінің қарауында болады. Балабақшадағы бала тәрбиесінің күн тәртібі 12-сағатқа шамаланған.

Ата-аналарды күн тәртібі мен таныстыру, ондағы ұйымдастырылған оқу-іс әрекеттері бойынша мағлұмат беру. Білім салалары мен білім бөлімдерін толық таныстыру.

Әдіскер: Ата-аналарға әр-бір баланың өз "Портфолиосы" болу қажеттілігін айтты.

"Портфолио"-бұл балалар жұмысы және оның өзінің жеке жетістік портфелі. Тәрбиеші ата-аналармен бірлесіп жеке папкаға балалардың салған суреттерін, шығармашылық жұмыстарын, фотоларын, түрлі қызық пікірлерін және қуанышты хабараламаларын жинастырады. Бұл материалдар бала тұлғасының, өсу динамикасының жағымды өзгерістерінің көрнекі үлгісі болып табылады.

Ата-аналар әдіскермен келісетіндерін және балаларының портфолиосын жасап беретіндерін айтты.

Ендігі мәселе: Ата-аналар арсынан өз өтініштерімен ата-аналар комитетін сайлайық.

Ата-аналар өзара келісе отырып ата-аналар ұйымын сайлады, олар:

1. Ахмадиева Меруерт
2. Туракбаева Айнур
3. Аубакирова Кымбат

Үшінші мәселе бойынша балабақшамыздың психологы Абаева М.А ата -аналармен бірге тренинг өткізді.

Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Ата-аналар балаларды таңертең балабақшаға уақтылы алып келу.
2. Балаларды себепсіз балабақшадан қалдырмау.
3. Ата - аналар балалар портфолиосын дайындап беру.
4. Балаларды бірлесе отырып тәрбиелеу.

Әдіскер: Бекишева Маржан Ахановна

Тәрбиеші:Касымканова Диляра Ерлановна

